



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 1916 от 22.08.2025

**2025-2026 оқу жылында Алғашқы
әскери-технологиялық дайындық пәнін
және әскери-патриоттық тәрбие
жұмысын жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы ҚР Заңы негізінде, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі №347 бұйрығына және «Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің жалпыға бірдей міндетті орта білім беру стандарты негізінде, мектептердің 10-11 сыныптарында, колледждердің 1-ші (1-2) курсына талапқа сай оқыту және оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беруді жүргізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025-2026 оқу жылына арналған бастапқы әскери және технологиялық дайындық, әскерге шақыру жасына дейінгі және әскерге шақыру жасындағы азаматтарды әскери-патриоттық тәрбиелеу мен дене шынықтыру дайындығын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіліп, Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы МКҚК орындалын ұйымдастырсын.

2. Астана қаласы білім беру мекемелерінің басшылары жоспарды жүзеге асыру үшін қажетті іс-шаралар қабылдасын, соның ішінде әскери-патриоттық тәрбие жұмысы мен алғашқы әскери дайындық үшін қажетті материалдық-техникалық жабдықтар мен құралдарға тиісті спецификадан қаражат қарастырылсын.

3. Астана қаласы әкімдігінің «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығы МКҚК жанындағы «Batyrlar» әскери-патриоттық, спорттық орталығында 2025-2026 оқу жылында өткізілетін әскери-спорттық іс-шараларға мектеп оқушылары мен колледж студенттері және АӘД оқытушы-ұйымдастырушыларының қатысуын білім беру мекемелерінің басшылары қамтамасыз етсін.

4. Астана қаласы білім беру жүйесінде әскери-қолданбалы спорт түрлерін дамыту және әскерге дейінгі дайындық пен кәсіби бағдарлау жұмысын арттыру мақсатында «Batyrlar» әскери-патриоттық орталығында шұғылдану үшін мектептерде балалар мен жасөспірімдер арасынан іріктеу жұмысы арқылы сыныптар мен клубтар ұйымдастырылсын.

5. Қалалық деңгейдегі әскери-патриоттық, әскери-спорттық іс-шараларға, әдістемелік-нұсқаулық жаттығуларға және тәжірибе алмасу бойынша семинарларға мамандардың қатысуын қамтамасыз ету мақсатында әр аптанын жұма күні алғашқы әскери дайындық бойынша оқытушы-ұйымдастырушылар үшін әдістемелік дайындық күні болып бекітілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім басқармасы басшысының орынбасары М.Каирбаеваға жүктелсін.

Басшы

Қ.Сенғазыев

Согласовано

21.08.2025 12:14 Каирбаева Маржангуль Джамбуловна

21.08.2025 16:37 Сарамбетова Гульфара Бекбулатовна

Подписано

22.08.2025 13:45 Сенгазыев Касымхан Сенгазыулы



ГУ «Управление образования города Астаны» - Мурзагулова Г.Г.